

Сбербанк «Даму» қорымен кредиттік келісімге қол қойды

Сбербанк және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 4 миллиард теңгеге кредиттік келісімге қол қойды, ол өндіру өнеркәсібі мен қызмет көрсету салаларында шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға жіберіледі.

Бұл қаражат ел экономикасын дамытуға және инфрақұрылымдық жобаларын жүзеге асыруға арналған 1 триллион теңгеден Ұлттық Қордан екінші транш аясында бөлінді. Екінші транштың жалпы сомасы 50 млрд. теңгені құрайды, ол «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы орналастырылды.

«Сбербанк мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына үнемі қатысып отырады. Осы жылы біз өндіру өнеркәсібі саласында 24 жобаны, соның ішінде тамақ өнеркәсібі саласында 9 жобаны қаржыландырып, «Даму» қоры бөлген 6 млрд. теңгені мерзімінен бұрын игердік. Жаңа кредиттік келісім аясында Сбербанкке орналастырылған қаражат жақын арада жаңа өндірістерді құруға, сонымен қатар қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға жіберіледі. Біздің жоспарымызда бірінші заемдарды жылдың аяғына дейін жүзеге асыру көзделіп отыр. Өз тарабымыздан біз бизнесмендерді белсенді түрде өтінім беруге шақырамыз», - деп атап өтті Сбербанктің Басқарма Төрағасының орынбасары Шұхрат Садыров.

Кредиттеу талаптарына сәйкес банк бөлінген қаражатты өндіру саласы кәсіпкерлерінің жобаларын қаржыландыруға жібереді. Кәсіпкерлер 10 жыл мерзімге 6%-бен жеңілдігі бар кредит алуларына болады. Заемның ең көп сомасы 1 850 млн. теңгені құрайды.

«Болжам бойынша 20 жылда айналуын ескере отырып, қосымша 50 млрд. теңгені бөлу 176,8 млрд. теңгеге 800 аса ШОБ жобасын қаржыландыруға мүмкіндік береді. Біздің бизнесімізге осы қаражатты ойдағыдай игеруіне, Қазақстанда жаңа өндіріс орындарының пайда болуына тілектеспіз», - деп мәлімдеді «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қорының Басқарма Төрайымы.

Бұл бағдарламаның бірінші бағдарламадан бірден-бір айырмашылығы – қолданыстағы кредиттерді қаржыландыруға тыйым салынады. Сондай-ақ, акцизделетін өнімдерді өндіру және үлесінің 50%-ы мемлекетке тиесілі немесе ұлттық компаниялар мен холдингтер құрған ұйымдар қаржыландыруға жатпайды.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 7 жылдан астам табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4 орынға ие болды. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің филиалдық желісі 108 құрылымдық бөлімшеден тұрады, оның 16-ы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры - «Бәйтерек» холдингінің құрамына берілген 10 дамыту институттарының бірі. Қордың басты мақсаты – Қазақстанда орта және шағын бизнесті дамыту.

«Даму» қоры - кәсіпкерлікті қолдау шараларының негізгі операторы және интеграторы. Қор бағдарламалары үш негізгі бағытта жүзеге асырылады: кәсіпкерлер үшін қаржыландыру көлемін ұлғайту және қолжетімділігін арттыру; кәсіпкерлік секторының әртараптануына көмек көрсету және оның индустриалды-инновациялық дамуы; жаңадан бастап жүрген кәсіпкерлерді және ШОБ кәсіпорындарының менеджментін оқыту, шетелде машықтану, сервистік және ақпараттық қолдау негізінде ШОБ субъектілерінің кәсіпқойлығын арттыру. Қор құрамында Қазақстанның барлық он төрт аймағындағы және Алматы мен Астана қалаларындағы он алты аймақтық филиалы бар. Қазіргі уақытта Қор кәсіпкерлерді қаржылық және кеңес беру-ақпараттық қолдау бойынша 25 бағдарламаны іске асыруда.

Қосымша ақпарат алу үшін Банктің баспасөз қызметіне хабарласуыңызға болады:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

PR бөлімінің жетекшісі маманы

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)

e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры»

Юлия Хобот, Алмаз Жумагулов

+7 (727) 244-55-66, ішкі 1022, 1008

ұялы: +7 701 213 0914

e-mail: yuliya.khobot@fund.kz